19	Information Security Of The Internet Environment	Proceeding VIII International Conference «Industrial Technologies And Engineering» ICITE – 2021	M. M. Amirov, A. Nazarova, G. T. Koshtaeva	3	Статья
20	Some Issues Of Ensuring The Survivability Of Complex Systems During Operation	Proceeding VIII International Conference «Industrial Technologies And Engineering» ICITE – 2021	B. N. Alymova	3	Статья
21	Some Problems With Sound Encryption For Communication Line Transmission	Proceeding VIII International Conference «Industrial Technologies And Engineering» ICITE – 2021	B. N.Alymova	4	Статья
22	Application Of Computer Simulation In Physical Processes	Proceeding VIII International Conference «Industrial Technologies And Engineering» ICITE – 2021	B. N.Alymova	4	Статья
23	Educational Robotics As A Means Of Developing Fine Motor Skills In Children With Cerebral Palsy	Международный Онлайн Семинар «Использование Цифровых Средств Обучения И Робототехники В Общем И Профессиональном Образовании: Опыт, Проблемы, Перспективы»	С.С.Момбекова	4	Статья

24	Spl Сұраулары Және Логтарды Визуализациялау	Global And Regional Aspects Of Sustainable Development №54 May Copenhagen, Denmark 2021	Джусупбекова Г.Т. Тойлыбаев Н.С. Ордабаева Г.К.	5	Печатный
25	Важность Использование Информационно - Коммуникационных Технологий В Обучении Английскому Языку: Перспективы Учащихся Из Числа Коренных Народов	XXVI Международная Научно-Практическая Конференция «Topicalissuesofpracticeandscience», 18-21 Мая 2021, Лондон, Великобритания	Сабырханова Л.Ш., Сабырханова Г.Ш.	4	Электронный
26	Use Of Information And Educational Environment In The Context Of Smart Education In Primary School	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Rakhymbek N.Zh., Spabekova G.M., Mombekova S.S.	3	Статья
27	General Concept Of Ict Use On Inclusive Education	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Medetbekov M.M., Jussupbekova G.T., Mombekova S.S.,	4	Статья
28	Digital Technologies And Mental Disorders In Adolescents	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Medetbekova R.A., Shaimerdenova G.S., Mombekova S.S.	4	Статья
29	Ақпараттық-Білім Беру Ортасы Негізінде Оқушылардың Ақпараттық Мәдениетін Қалыптастыру	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Белесова Д.Т.,	4	Статья
30	IT Technology Life Requirement	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Amirov M.M., Nyshanbaeva K.U., Aidarova T.N.	4	Статья
31	The Role Of It Technology In The Education System	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Amirov M.M., Kolboev B.R., Jailaybaev N.M.	3	Статья

32	Information Technology Risks In The Educational Process	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Amirov M.M., Kolboev B.R., Baijanova M.T.	5	Статья
33	Role Of Information Technologies In Knowledge Transfer	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Amirov M.M., Medetbekov M.M., Medetbekova R.A	4	Статья
34	Mathematical Modeling Of Systems	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Amirov M.M., Nyshanbaeva K.U., Seythanjva A.B.	4	Статья
35	Роль Информатизации Общества В Современном Мире	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Амиров М.М., Байжанова М.Т., Сейтханова А.Б	4	Статья
36	Innovation Multimedia Technology	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Amirov M.M., Tastanbekova B.O., Turganbekova M.T	4	Статья
37	Integrated Information Systems	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Amirov M.M., Koshtaeva G.T.,	4	Статья
38	The Problem Of Using Information Technologies In The Field Of Training	«Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – Ұлт қазынасы» М.О. Әуезовтің 125-Жылдығына арналған халықаралық ғылыми–Тәжірибелік конференция еңбектері сәуір, 2022. Шымкент	Alymova B.N.	4	Статья
39	АКТ курсының ұғымдар жүйесінің қалыптасуы мен қазіргі жағдайы	Вестник Казахский Университет Международных Отношений И Мировых Языков Им. Абылайхана	Рахымбек Н.Ж.	3	Статья
40	ҚР Тәуелсіздігінің 30 Жылдығы	Тәуелсіздіктің Қазақстандық жолы: Жасампаздықтың 30 Жылы халықаралық ғылыми-	Коштаева Г.Т., Сейтханова А.Б.	3	Статья

		Тәжірибелік Конференция Еңбектері			
41	Тәуелсіз Елдің Тәуелсіз Азаматы	Журнал «Ғажайып Қазақстан» 2050, №1 қаңтар 2022	Момбекова С.С. Шаймерденова Г.С. Айхынбай К.Т.	2	Статья
42	Мектепте өтетін сыныптан тыс жұмыстардың мақсаттары туралы	«Ғылым және Білім: жаңа тәсілдер және өзекті зерттеулер» Халықаралық ғылыми- практикалық конференциясының Еңбектер жинағы, III Том, Шымкент - 2022	Медетбекова Р.А.	3	Статья
43	Мәндес теңдеулер және теңдеулердің мәндестігі туралы теоремалар.	«Ғылым және Білім: жаңа тәсілдер және өзекті зерттеулер» Халықаралық ғылыми- практикалық конференциясының Еңбектер жинағы, III Том, Шымкент - 2022	Медетбеков М.М.	3	Статья
Республикалық, Аймақтық және басқа конференциялар					
44	Студенттердің Қашықтықтан Білім Алуындағы Көрсеткіштері	Ахмет Байтұрсынұлының 150 Жылдығына арналған «Ғылым Мен Жастар – Табысты болашақтың сенімді кепілі» тақырыбындағы Жаратылыстану, Техникалық, Әлеуметтік- Гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша XXV республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері	Тасполатова М., Әбілқас Ж. – ЖТ-21-3к1 Тобының Студенттері Джусупбекова Г.Т. – Педагогика Ғылымдарының Кандидаты	3	Статья
45	Digital Technologies In The Construction Industry	Ахмет Байтұрсынұлының 150 Жылдығына арналған «Ғылым Мен Жастар – Табысты болашақтың сенімді кепілі» тақырыбындағы Жаратылыстану, Техникалық, Әлеуметтік- Гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша XXV республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері	Tasbulatova B., Khusanova A. - The Students Of Group Sm-21-5k6 Turganbekova M.M. – Master's Degree, Senior Lecturer	3	Статья
46	Электрондық Оқулықты Пайдалану Тиімділігі	Ахмет Байтұрсынұлының 150 Жылдығына арналған «Ғылым Мен Жастар – Табысты болашақтың сенімді кепілі» тақырыбындағы Жаратылыстану, Техникалық, Әлеуметтік- Гуманитарлық және экономикалық ғылымдар	Тағайбекова Н., Досубекова К. – См-21-5к4 Тобының Студенттері Амиров М. – Жаратылыстану Ғылымдары	3	Статья

		бойынша XXV республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері	Магистрі, Аға Оқытушы		
47	Санды Ақпаратқа Көшу Қажеттілігі	Ахмет Байтұрсынұлының 150 Жылдығына арналған «Ғылым Мен Жастар – Табысты болашақтың сенімді кепілі» тақырыбындағы Жаратылыстану, Техникалық, Әлеуметтік-Гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша XXV республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері	Сарсекова Г., Төлеген А. - См 21-5к5 Тобының Студенттері Амиров М. - Жаратылыстану Ғылыми Магистрі, Аға Оқытушы	3	Статья
48	Modern Information Technologies In Education	Ахмет Байтұрсынұлының 150 Жылдығына арналған «Ғылым Мен Жастар – Табысты болашақтың сенімді кепілі» тақырыбындағы Жаратылыстану, Техникалық, Әлеуметтік-Гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша XXV республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері	Мықтыбек Ғ, Жолдасбай Ә. – См-21-6к4 Тобының Студенттері Амиров М. – Жаратылыстану Ғылымдары Магистрі, Аға Оқытушы	3	Статья
49	Сандық Технологиялар Және Жасөспірімдердегі Психикалық Бұзылулар	Ахмет Байтұрсынұлының 150 Жылдығына арналған «Ғылым Мен Жастар – Табысты болашақтың сенімді кепілі» тақырыбындағы Жаратылыстану, Техникалық, Әлеуметтік-Гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша XXV республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері	Искандарова Р.А., Адилхан С.С. – Тп-21-13к2 Тобының Студенттері Момбекова С.С. – Магистр, Аға Оқытушы	3	Статья
50	Инновационное Средство Современного Обучения	Ахмет Байтұрсынұлының 150 Жылдығына арналған «Ғылым Мен Жастар – Табысты болашақтың сенімді кепілі» тақырыбындағы Жаратылыстану, Техникалық, Әлеуметтік-Гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша XXV республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері	Дулат Н., Рахымберді Д. – Хт-21-6к Тобының Студенттері, Шаймерденова Г.С. – Магистр, Аға Оқытушы	3	Статья
51	Video Card	Ахмет Байтұрсынұлының 150 Жылдығына арналған «Ғылым	Dosmanov A. - Student of The	3	Статья

		Мен Жастар – Табысты болашақтың сенімді кепілі» тақырыбындағы Жаратылыстану, Техникалық, Әлеуметтік-Гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша XXV республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері	Group Sm-21-5k3, Baizhanova M. T. – Master’s Degree, Teacher		
52	The Role Of Information And Communication In Society	Ахмет Байтұрсынұлының 150 Жылдығына арналған «Ғылым Мен Жастар – Табысты болашақтың сенімді кепілі» тақырыбындағы Жаратылыстану, Техникалық, Әлеуметтік-Гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша XXV республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері	Абдувайтова А, Нугматова Т Жт-21-4к1 Тастанбекова Б.Ө. Магистр, Оқытушы	3	Статья

Ақпараттық-баспа қызметі. Монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын шығару.

№	ФИО авторов	Название УМЛ	Вид УМЛ	Объем	Язык	Дата публикации
1	Джусупбекова Г.Т. Айхынбай К.Т. Нышанбаева Қ.У. Алымова Б.Н.	“Information And Communication Technologies” Пәні Бойынша Барлық Мамандық Студенттеріне	Электрондық зертханалық жұмыс жинағы	120 б.т.	Ағыл.	Қыркүйек 2021

«АКТ» кафедрасының тәрбие жұмысының мақсаты жастар саясатын, жастардың шығармашылық потенциалын дамытуға, аға ұрпақты үлгі тұтатын, Абай Құнанбаевтың «ТАЛАП, ЕҢБЕК, ТЕРЕҢ ОЙ, ҚАНАҒАТ, РАХЫМ» ТАЛАПТАРЫНА сәйкес келетін «ТОЛЫҚ АДАМ» тұрғысында дамыту болып табылады.

Кафедра – факультет және университет, Білім және ғылым министрлігі бекіткен тәрбие тұжырымдамасындағы 10 бағыт бойынша жұмыстар атқаруда:

1. Ұйымдастыру жұмыстары

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кафедрасында тәрбие жұмысы жоспары жоғары мектебінің жоспарына сәйкес жасалған, кафедра мәжілісінде талқыланып қабылданған (Хаттама №1. 28.08.21.ж). 2021-2022 оқу жылында 28 тәрбие жұмысы жоспарланды және жоспар бойынша 28 іс-шара орындалды. М.Әуезов атындағы ОҚУ тәрбие жұмысы бойынша оқу бөлімінің нұсқауларына және ережелеріне сәйкес барлық оқу жұмыстары

бойынша шаралары көрсетілген. Кафедра тәрбие жұмыстары түрлі бағытта жүргізілді, соның ішінде азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие, рухани адамгершілік тәрбие, діни толеранттылықты қалыптастыру, экологиялық тәрбие, студенттердің өзін-өзі басқаруын және жастар инициативаларын дамыту жұмыстары бойынша.

	Ұйымдастыру жұмысы	Азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие	Рухани-адамгершілік тәрбие	Кәсіби және еңбек тәрбиесі	Діни толеранттықты қалыптастыру	Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулықты қорғайтын ортаны қалыптастыру	Экологиялық тәрбие	Интеллектуалды және коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру	Мәдени-эстетикалық және полимәдениетті тәрбие	Студенттердің өзін-өзі басқару және жастар инициативаларын	Барлығы
№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жоспарланған саны	3	5	5	2	2	3	2	1	3	2	28/ 28
Жоспардан тыс саны		1									
Барлығы:		6	5	2	2	3	2	1	3	2	29/ 28

2. Азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие жұмыстары бойынша

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кафедрасының оқытушылары сабақ жүргізетін топтарына білім алушылардың азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбиесіне көңіл бөлді. Қоғамдық саяси құқықтық тәрбиеге байланысты сабақ жүргізетін топтарда Қазақстан Республикасы Конституциясына енген өзгерістерді, ел басының Халыққа Жолдауымен таныстырып хабардар етіп отырды. Жастар арасында интернациональдық және патриоттық, құқық бұзушылықтың алдын алуға өткізілген іс шараларға ат салысты.

Қыркүйек айында кафедра меңгерушісі п.ғ.к., аға оқытушысы Джусупбекова Г.Т. және кафедра оқытушыларымен бірге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын онлайн форматта әңгімелер ұйымдастырып, насихатталды. (хаттама №2, 24.09.21 ж.)

Кафедра оқытушылары қыркүйек айында 1-ші курс білім алушыларын университет базасымен, тарихы және дәстүрлермен таныстыра отырып, Білім туралы заңмен, ЖОО жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және міндеттерімен және университет құрылымымен таныстырды. (хаттама №2, 24.09.21 ж.)

2021 жылдың 23 қыркүйек күні МС-20-9р тобымен кафедра оқытушысы Тұрғанбекова Мадина ҚР Конституциясы күніне арналған

«Конституция – келешек кепілі!» тақырыбында әңгіме жүргізді. (хаттама №2, 24.09.21 ж.)

2021 жылдың 23 қараша күні кафедраның аға оқытушы Самбетова Раушан ЮМ-21-1к6 тобына ҚР Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» тақырыбында тәрбиелік, ғылыми танымдық дәріс оқыды. (хаттама №4, 17.11.21 ж.)

2021 жылдың желтоқсан айында кафедра оқытушысы Нышанбаева Қарлығаш сыбайлас жемқорлықтың көрінісіне төзбеушілікті қалыптастыру, оның алдын алу және онымен күрес «Сыбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі» тақырыбында дөңгелек үстел Эф-21-9р тобымен дөңгелек үстел жүргізді.

(хаттама №5^А, 14.12.21 ж.)

2021 жылдың желтоқсан айында кафедра аға оқытушылары Тастанбекова Баян және Жайлаубаева Нуралы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына арналған білім алушылармен бірге мерекелік іс-шараға челлендж өткізді (хаттама №6, 20.12.21 ж.)

2022 жылың мамыр айында кафедра оқытушысы Байжанова Мадина ҚР Мемлекеттік Рәміздер күніне 30 жыл толуына орай СМ-21-5к2 тобымен әңгіме жүргізді.

3.Рухани- адамгершілік тәрбие беру бойынша

2021 жылдың қазан айында кафедра оқытушысы Сейтханова Айгерім Ойшыл, ақын, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұнның туғанына 1005 жыл (1017/1021-1075) толуына орай ЮМ-21-1к4 топ білім алушыларымен бірге дөңгелек үстел жүргізді (хаттама №4, 22.10.21 ж.)

2021 жылдың қазан айында отбасылық құндылықтарды нығайту мақсатында «Отбасылық құндылық – тәрбиенің қайнар көзі» тақырыбында кафедра оқытушысы Алымова Бекзада МС-20-3р1 топ білім алушылармен бірге дөңгелек үстел өткізді (хаттама №4, 22.10.21 ж.)

2021 жылдың қараша айында кафедра оқытушысы Айхынбай Кулайша Тешербайқызы ХХ ғасырдағы аса ірі Мемлекет және қоғам қайраткері **Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа – 110 жыл** (1912-1993ж.ж.) толуына орай МС-20-3к топ білім алушылармен бірге мұражайға барып өмір тарихымен таныстырып, әңгіме жүргізді (хаттама №5, 25.11.21 ж.)

2021 жылдың желтоқсан айында кафедраның аға оқытушысы Момбекова Сандуғаш Қазақ әдебиетінің негізін салушы Қазақстанның Халық жазушысы, академик Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтың туғанына 120 жыл (1902-1985) толуына орай МС-20-4к топ білім алушылармен бірге әңгіме жүргізді (хаттама №5^А, 14.12.21 ж.)

2022 жылдың ақпан айында кафедра оқытушысы Айдарова Таңжұлдыз қоғам және мемлекет қайраткері, Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына 355 жыл толуына орай білім алушылармен әңгіме жүргізді (хаттама №8, 22.02.2022)

4.Кәсіби және еңбек бағытында тәрбие беру бойынша

2022 жылдың сәуір айында кафедраның аға оқытушысы Рахымбек Назира Инклюзивті білім беру: «Ерекше қабілетті студенттерге психологиялық қолдау» мақсатында академиялық топ білім алушылармен бірге дөңгелек үстел өткізді (№10, 22. 04.2022)

2022 жылдың мамыр айында кафедраның аға оқытушысы Амиров Манат Мустафаевич «Ашық есік күні» күніне орай білім алушылармен дөңгелек үстел жүргізді.

5.Діни толеранттылықты қалыптастыру бойынша

2022 жылдың сәуір айында кафедра оқытушылары «Діни төзімділікті қалыптастыру» тақырыбында аясында әңгіме жүргізді (№10, 22.04.2022)

2022 жылдың сәуір айында кафедраның аға оқытушысы Колбоев Болат «Жастардың діни сауаттылығы» тақырыбында СМ-21-5к1 тобымен дөңгелек үстел өткізді.

6.Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша

2022 жылдың ақпан айында кафедраның аға оқытушысы Бибулова Дана «Нашақорлық – денсаулық жауы!» тақырыбында ХТ-21- 6к1 тобымен пікірсайыс өткізді.

7. Экологиялық тәрбие беру бойынша

2022 жылдың наурыз айында кафедраның аға оқытушысы Шаймерденова Гулдана «Жастар экологиялық қауіпсіздікті қолдайды» тақырыбында білім алушылармен бірге пікірсайыс өткізді.

8.Интеллектуальды және коммуникативтік мәдениетті дамыту бойынша

2022 жылдың ақпан айында Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» мақалалық бағдарламасының «Сананың ашықтығы» бағыты бойынша білім алушы өзге этнос өкілдерінің қазақ тілін, әдебиетін, тарихын жетік меңгеруіне байланысты кафедра оқытушылармен бірге газет-журналдарға мақала шығаруды талқылады.

9.Мәдени-эстетикалық және полимәдениеттілік тәрбие беру бойынша

2022 жылдың наурыз айында кафедра оқытушысы Байжанова Мадина 8-Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған мереке туралы СМ-21-5к3 топ студенттерімен бірге әңгіме жүргізді.

2022 жылдың наурыз айында кафедра меңгерушісі Джусупбекова Г.Т. және кафедра оқытушылары «Әз-Наурыз-2022» мерекесіне орай жоғары мектептің іс –шара ұйымдастыруына ат салысып, қатысты.

2022 жылдың мамыр айында кафедраның аға оқытушысы Қоштаева Гульбала 1-Мамыр – Қазақстан Халықтарының бірлігі күнін университет және факультет деңгейінде өтілген іс-шараларға студенттерді қатыстырды.

10.Студенттің өзін-өзі басқару жүйесін және жастар бастамаларын дамыту бойынша

2022 жылдың сәуір айында кафедра профессор-оқытушы құрамы өз дәрістерінде Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясы аясында азаматтық-патриоттық мазмұнын әңгіме жүргізу барысында талқылады.

2022 жылдың мамыр айында кафедра оқытушысы Нышанбаева Қарлығаш «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» мақсатында «Жастар жемқорлыққа қарсы» тақырыбында білім алушылармен бірге пікір талас өткізді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған іс-шара:

2021-ші жылдың 29 қарашасы күні «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» кафедрасының профессор – оқытушы құрамының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл толуына орай «Тәуелсіздік – тамыры тереңде жатқан ел тарихы» атты ашық тәрбие сағаты №2 жатақханада білім алушылармен бірге өткізілді.. Ашық тәрбие сағатында «МС-20-15к3», «МС-20-15к4», «МС-20-7к», «МС-20-6к1», «ИП-21-4к3», «АП-21-6к3» топ студенттерінің белсенді қатысуымен ән шырқалып, би билеп, патриоттық әнді хор түрінде орындап, баяндама және көркем сөз оқылып, домбырамен күй, терме тартылды (хаттама №5,25.11.21ж.)

"Рухани жаңғыру" бағдарламасы бойынша «АКТ» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамының 2021-2022 оқу жылының жылдығына арналған Медиа-кестесі"

№	Мерзімі		Материал тақырыбы	Материал форматы	БАҚ аталымы (телеканал, газет, сайт)	Спикер	Сәйкес басым бағыт
1	2		3	4	5	6	7
1	10.11.2021. №09 (105)	2 апта	Тәуелсіздік деген тәтті ұғым	мақала	Тәуелсіз Қазақстан	Кафедра меңгерушісі: Джусупбекова Г.Т., аға оқытушы: Амиров М.М., оқытушы: Байжанова М.Т.	Ұлттық бірегейлікті сақтау.
2	5.01.2022 №01(21)	2 апта	Тәуелсіз елдің –тәуелсіз азаматы	мақала	Ғажайып Қазақстан	Кафедра аға оқытушылары: Момбекова С.С., Айхынбай К.Т., Шаймерденова Г.С.	Ұлттық бірегейлікті сақтау.

3	28.02. 2022 №03- 04(21)	4 апта	Алғыс – айту бұл құдіретті күш!	мақала	Ғажайып Қазақстан	Кафедраның аға оқытушылары: Жайлаубев Н.М., Тұрғанбекова М.Т., Тастанбекова Б.О., Бибулова Д.А.	Ұлттық бірегейлікт і сақтау.
4	14.02. 2022	2 апта	А.БАЙТҰРСЫН ҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ	мақала	А.Байтұрсын ұлының туғанына 150 жыл толуына арналған «А. БАЙТҰРСЫ НҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ» атты халықаралық ғылыми- теориялық конференция	Аға оқытушы: Қоштаева Г.Т., Оқытушы: Байжанова М.Т.	Ұлттық бірегейлікт і сақтау.
5	30.03. 2022 №05- 06 (23)	4 апта	Қош келдің, әз Наурыз!	мақала	Ғажайып Қазақстан	Кафедраның ф.- м.ғ.к., доцент Медетбеков М.М., Аға оқытушылар: Шаймерденова Г.С., Сейтханова А.Б.	Ұлттық бірегейлікт і сақтау.
6	8.04. 2022	2 апта	Қазақстандағ ы қара және легирлеуші металл металл ресурстарыны ң кен орындары	мақала	«Рухани жаңғыру» бағдарламас ының 5 жылдығына орай өткізілетін «Жаңа қазақстан- жаңа әлемде» атты халықаралы қ ғылыми – тәжірибелік конференци я	т.ғ.к., профессор Қаірбаева А.А., аға оқытушы Шаймерденова Г.С.	Ұлттық бірегейлікт і сақтау.

2021-2022 оқу жылының 1 және 2 жарты жылдығындағы кафедра жарияланымдары туралы салыстырмалы кесте

№	Жарияланған мақалалар саны		
	2021-2022 оқу жылының 1-ші жарты жылдығы	2021-2022 оқу жылының 2-ші жарты жылдығы	Жарияланған мақалалар саны
1	5	6	

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша 2021-20220 оқу жылының жылдық іс-шаралар өткізу туралы мәліметтер

1-ші мақсат.

«Білімнің салтанат құруы -қазақстандықтардың басты табыс факторы ретінде білімінің салтанат құруына ұмтылу». басымдығын кафедра деңгейінде жүзеге асыру бойынша іс шаралар.

- Кафедрада «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру ісіне жауапты: оқытушы Байжанова М.Т. бекітілді. (№3, 27.09.2021)

- 2021 жылдың 10 қазанында «Тәуелсіздік деген тәтті ұғым» тақырыбында Кафедра меңгерушісі: Джусупбекова Г.Т.,аға оқытушы: Амиров М.М.,оқытушы: Байжанова М.Т. Тәуелсіз Қазақстан №09 (105) газетіне мақала жариялады.(№4, 22.10.2021)

<https://it.auezov.edu.kz/kaz/home-kk-kz/1077-tuelsizdik-degen-ttti-ugym>

-Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы кафедра меңгерушісі Г.Т. Джусупбекова және кафедраның профессор оқытушылары бірге әңгіме жүргізді. (№9, 25.03.2022)

<https://www.instagram.com/p/Ce3I3QIrjD/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

2-ші мақсат

«Сананың ашықтығы – халықтың үздік әлемдік жетістіктерді және практикаларды қабылдауын қалыптастыру» басымдығын кафедра деңгейінде жүзеге асыру бойынша іс шаралар.

- 2021 жылдың 23-ші желтоқсанда Оңтүстік Университеттің бас ғимаратында «**The future technologies of learning Management system**» тақырыбындағы мастер классына кафедра оқытушылары белсенді қатысты.(№6, 20.12.2021)

<https://it.ukgu.kz/kk/future-technologies-learning-management-systemtakrybyndagy-master-klass-zhogary-ksibi-dengeyde-otti>

- 2021 жылдың 7 қазанында университетте білім алушы өзге этнос өкілдерінің қазақ тілін, әдебиетін, тарихын жетік меңгеруіне байланысты «Ойшыл, ақын, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұни » тақырыбында оқытушысы Сейтханова А.Б. Юм-21-1к5 тобымен дөңгелек үстел өткізді.(№4, 22.10.2021)

<https://it.ukgu.kz/kk/ruhani-zhangyru-bagdarlamasy-ayasynda-oyshyl-akyn-memleket-kaytarkeri-zhusip-balasaguni>

3-ші мақсат

«Прагматизм – нақты мақсаттарға, білім беруге, салауатты өмір салты мен кәсіби жетістікке назар аударып отырып, мінез-құлықтың оңтайлы моделін қалыптастыру» басымдығын кафедра деңгейінде жүзеге асырубойынша іс шаралар.

-2022 жылдың ақпан айында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тақырыбында кафедра аға оқытушысы Жайлаубаев Нуралы Мусирович СМ-21-5р1 тобымен дөңгелек үстел өткізді.(№8, 22.02.2022)

<https://www.instagram.com/p/Cez7zsYjy1/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

-2022 жылдың сәуір айында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» мақсатында «Жастар жемқорлыққа қарсы» тақырыбында кафедра оқытушысы Сейтханова Айгерим СМ-21-5к3 тобымен пікірталас өткізді.(№10, 22.04.2022)

<https://www.instagram.com/p/Ce0BgOZj212/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

4-ші мақсат

«Бәсекелік қабілет – адами капиталды дамыту үшін жағдайларды жақсарту» басымдығын кафедра деңгейінде жүзеге асырубойынша іс шаралар.

5-ші мақсат

«Ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттың мәдени кодын сақтау» басымдығын кафедра деңгейінде жүзеге асырубойынша іс шаралар.

- 2021 жылдың 30 қыркүйек күні «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында кафедра оқытушысы Тастанбекова Б.О. ИП-21-4к3 тобымен дөңгелек үстел өткізді.(№3, 27.09.2021) <https://it.ukgu.kz/kk/ruhani-zhangyru-bagdarlamasy-ayasynda-tuelsizdik-zhetistikteri>

- 2021 жылдың 24 қыркүйек күні кафедрасын оқытушысы Тастанбекова Б.О. ИП-21-4к5 тобының студенттерімен Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Тәрбие және білім» тақырыбында ZOOM платформасында онлайн режимде пікір талас жүргізді. (№3, 27.09.2021) <https://it.ukgu.kz/kk/ruhani-zhangyru-bagdarlamasy-ayasynda-trbie-zhne-bilim>

- 2021 жылдың 02 желтоқсан күні кафедраның оқытушылары Тастанбекова Б.О және Жайлаубаев Н.М ЮМ-21-1к7 тобының студенттерімен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік бесігінде тербелгелі 30 жыл» атты іс-шараға қатысты челлендж өтті. (№6, 20.12.2021) <https://it.ukgu.kz/kk/tuelsizdik-besiginde-terbelgeli-30-zhyl>

-2021-ші жылдың 29 қарашасы күні кафедраның профессор – оқытушы құрамының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл толуына орай «Тәуелсіздік – тамыры тереңде жатқан ел тарихы» атты ашық тәрбие сағаты білім алушылармен бірге өткізілді. (№6, 20.12.2021) <https://it.ukgu.kz/kk/kazakstan-respublikasynyn-tuelsizdigine-30-zhyl-toluyna-oray-tuelsizdik-tamyry-terende-zhatkan-el>

-2022 жылдың наурыз айында «Ұлттық құндылықтарымыз – мәңгілік ардақ тұтар асыл қазынамыз» тақырыбында кафедраның аға оқытушысы

Шаймерденова Гулдана білім алушылармен дөңгелек үстел өткізді.(№9, 25.03.2022)

<https://www.instagram.com/p/Ce0AXR6Df1s/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

6-ші мақсат

«Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы – ілгері эволюциялық даму мақсатында қоғам мен диалогты кеңейту» басымдығын университет деңгейінде жүзеге асыру бойынша іс шаралар.

- 18 қазан Рухани келісім күніне байланысты «Тәуелсіздік Қазақстанның таңдауы - Татулық пен келісім!» тақырыбында кафедра оқытушыларымен бірге әңгіме өткізді. (№4, 25.11.2021)

<https://www.instagram.com/p/Cez6xkyjaLq/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

-2022 жылдың 22 наурыз - «Армысың, өз Наурыз» мерекелік таныстырылым іс-шарасына кафедра меңгерушісі және кафедра профессор-оқытушы құрамы белсенді түрде атсалысты. (№9, 25.03.2022)

<https://www.instagram.com/p/Ce0AniHjIju/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» Арнайы жобасын кафедра деңгейінде жүзеге асыру бойынша іс шаралар.

-2021 жылдың «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» оқу жұмыс бағдарламасына (силлабус) Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулықтың ішінен төмендегі оқулықтар енгізілді:

1. Патрисия Уоллейс «Интернет психологиясы» Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019 <http://elib.kaznu.kz/book/9095>

2. Элен Битэм, Рона Шарп «Цифрлық дәуірде педагогиканы қайта зерледеу.

XXI ғасырдағы оқыту дизайны». Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019

https://shahtinslib.kz/kk/new_books/id/170600

«РУХАНИ ҚАЗЫНА» кіші бағдарламасын кафедра деңгейінде жүзеге асыру бойынша іс шаралар.

№	Іс-шаралар атауы	Тиісті басым бағыт	Көрсеткіштер (қамтылған студенттер, магистранттар, докторанттар, ПОҚ саны)
1	ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 01 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы	«Білімнің салтанат құруы»	Кафедра аға оқытушысы Тұрғанбекова М.М. студенттермен талқылады
2	2021 жылдың 23-ші желтоқсанда Оңтүстік Университеттің бас ғимаратында «The future technologies of learning Management system» тақырыбындағы мастер классы	«Сананың ашықтығы»	Кафедра оқытушылары белсенді қатысты. https://it.ukgu.kz/kk/future-technologies-learning-management-systemtakyrybyndagy-master-klass-zhogary-ksibi-dengeyde-otti
3	2021 жылдың 7 қазанында университетте білім алушы өзге этнос өкілдерінің қазақ тілін, әдебиетін, тарихын жетік меңгеруіне	«Сананың ашықтығы»	Кафедра оқытушысы Сейтханова А.Б. Юм-21-1к5 тобымен дөңгелек үстел өткізді. https://it.ukgu.kz/kk/ruhani-

	байланысты «Ойшыл, ақын, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұни» тақырыбы		zhangyru-bagdarlamasy-ayasynda-oyshyl-akyn-memleket-kaytarkeri-zhusip-balasaguni
4	2021 жылдың 30 қыркүйек күні «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбы	«Ұлттық бірегейлік ті сақтау»	Кафедра оқытушысы Тастанбекова Б.О. ИП-21-4к3 тобымен дөңгелек үстел өткізді. https://it.ukgu.kz/kk/ruhani-zhangyru-bagdarlamasy-ayasynda-tuelsizdik-zhetistikteri
5	2021 жылдың 24 қыркүйек күні кафедрасын оқытушысы Тастанбекова Б.О ИП-21-4к5 тобының студенттерімен Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Тәрбие және білім» тақырыбы	«Ұлттық бірегейлік ті сақтау»	ZOOM платформасында онлайн режимде пікір талас жүргізді. https://it.ukgu.kz/kk/ruhani-zhangyru-bagdarlamasy-ayasynda-trbie-zhne-bilim
6	2021 жылдың 02 желтоқсан күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік бесігінде тербелгелі 30 жыл» атты іс-шараға қатысты челлендж	«Ұлттық бірегейлік ті сақтау»	Кафедраның оқытушылары Тастанбекова Б.О және Жайлаубаев Н.М ЮМ-21-1к7 тобының студенттерімен челлендж өткізді https://it.ukgu.kz/kk/tuelsizdik-besiginde-terbelgeli-30-zhyl
7	2021-ші жылдың 29 қарашасы күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл толуына орай «Тәуелсіздік – тамыры тереңде жатқан ел тарихы» атты ашық тәрбие сағаты	«Ұлттық бірегейлік ті сақтау»	Кафедраның профессор – оқытушы құрамының ұйымдастыруымен білім алушылармен бірге өткізілді. https://it.ukgu.kz/kk/kazakstan-respublikasynyn-tuelsizdigine-30-zhyl-toluyna-oray-tuelsizdik-tamyry-terende-zhatkan-el
8	18 қазан Рухани келісім күніне байланысты «Тәуелсіздік Қазақстанның таңдауы - Татулық пен келісім!» тақырыбы	Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы	Кафедра оқытушыларымен бірге әңгіме өткізді.
9	-2022 жылдың сәуір айында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» мақсатында «Жастар жемқорлыққа қарсы» тақырыбы	«Прагматизм»	Кафедра оқытушысы Сейтханова Айгерим СМ-21-5к3 тобымен пікірталас өткізді.
10	-2022 жылдың наурыз айында «Ұлттық құндылықтарымыз – мәңгілік ардақ тұтар асыл қазынамыз» тақырыбы	«Ұлттық бірегейлік ті сақтау»	Кафедраның аға оқытушысы Шаймерденова Гулдана білім алушылармен дөңгелек үстел өткізді.

6. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі.

Қазіргі уақытта М.О. Әуезов атындағы ОҚУ білім беру қызметі жақсы дамыған материалдық-техникалық және әлеуметтік база жағдайында жүзеге асырылады. Қазіргі заманғы мультимедиялық жабдықтармен және компьютерлік техникамен жабдықталған аудиториялар бар. Барлық компьютерлік сыныптар жаңа буынды компьютерлермен жабдықталған, жергілікті желіге біріктірілген және Интернетке қосылған. Басты корпуста Wi-Fi қызмет көрсету аймағы бар интернет ресурстарына тегін қол жеткізу жүзеге асырылады. Қазіргі заманғы компьютерлік техникамен жабдықтау оқыту сапасының тиімділігін арттыру және ақпараттық ресурстарды пайдалану мақсатында оқу процесінде тікелей пайдалануға арналған. Университеттің ақпараттық-білім беру жүйесі құрылды және тиімді пайдаланылуда.

Университетте кітапхана қоры қалыптастырылуды және білім беру процесін, ғылыми зерттеулерді, мәдени дамуды және өз бетінше білім алу процесін қамтамасыз ету үшін ақпараттық ресурстардың барынша көп көлеміне жедел қол жеткізу ұсынылады.

Білім алушыларды қамтамасыз ету үшін мынадай ақпараттық-білім беру кешендері мен жүйелері жұмыс істейді: ақпараттық-білім беру порталы www.portal.ukgu.kz, электрондық кітапханаға қол жетімді кітапхана сайты www.lib.ukgu.kz, Қашықтықтан оқытудың ақпараттық жүйесі www.sdo.ukgu.kz. Электронды каталог кітапхананың web-сайты арқылы оп-line режимінде ақпаратты іздеу және алудың заманауи талаптарына сәйкес келеді.

www.portal.ukgu.kz ақпараттық-білім беру порталы М. Әуезов атындағы ОҚУ оқу процесі туралы студенттерге ақпарат береді. Порталдың міндеттеріне әр түрлі санаттағы пайдаланушылардың интернет арқылы М.Әуезов атындағы ЮКУ электрондық ақпараттық ресурстарына сұраныстарға қызмет көрсету кіреді. М.Әуезов атындағы ОҚУ білім алушылары мен олардың ата-аналарына порталда семестрдің барлық ағымдағы пәндері бойынша үлгерімді, рейтинг-балдарды, емтихан кестесін нақты уақытта қарау мүмкіндігі берілген. ИС ВУЗ құрамында ОӘК модулі әзірленді және білім алушыларға әдістемелік деректерді: силлабустарды, дәрістерге тезистерді, зертханалық, практикалық және өзіндік жұмыстарға әдістемелік нұсқауларды, емтихан материалдарын және т. б. пайдалануға мүмкіндік береді. Барлық студенттердің portal.ukgu.kz платформасында жеке аккаунттары бар, бірыңғай оқу жүйесіне біріктірілген. Пайдаланушы беті оқу процесі туралы ақпарат орналастырылған студенттің "Жеке беті" деп аталады. Онда жеке мәліметтер; емтихандар кестесі; онлайн өтінімдер; сабақтар тізімі; үлгерім; рейтинг; сабақ кестесі; ПОӘК орналасады.

7. Ақпаратты басқару.

Абитуриент университет туралы ақпаратты БАҚ, жергілікті телевизия, буклеттер, жарнама, Ашық есік күндері, ЖОО сайтының [www.http://ukgu.kz](http://ukgu.kz) материалдары арқылы үш тілде – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ала алады. Талапкерлер М.О.Әуезов атындағы ОҚУ сайтынан бағдарламаның негізгі мазмұнымен, оқуға түсу талаптарымен және басқа да ақпараттармен таныса алады. Сол жерде байланыс ақпараты орналасқан. Сонымен қатар, сайтта оқытушылардың құрамы, олардың біліктілігі, жұмыс бағыттары: ғылыми-зерттеу, білім беру, спорттық-сауықтыру, халықаралық ынтымақтастық және т. б. туралы ақпаратты таба аласыз. Сайтта жаңалықтар, басқа Web-ресурстарға сілтемелер түрінде жедел ақпарат, оның ішінде мемлекеттік органдардың, университет серіктестерінің сайттары, ақпараттық порталдар және т. б. орналастырылған. Сайт ғаламдық Интернет желісінде университет имиджін қалыптастыруға жәрдемдеседі, талапкерлер, білім алушылар, жұмыс берушілер, түлектер, университет қызметкерлері үшін ақпараттық ортаны қамтамасыз етеді, жұртшылық үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламалары, ол үшін студенттерді іріктеу критерийлері, нақты бағдарламаны игерудің күтілетін нәтижелері, біліктіліктер туралы егжей-тегжейлі ақпаратты орналастыруға ерекше назар аударылады. Оқыту, оқыту және бағалау рәсімдері, үлгерім пайыздары және оқыту үшін қолжетімді мүмкіндіктер ИС ВУЗ порталында бар, оған оқытушылардың және білім алушылардың кіру мүмкіндігі бар, олар өздерінің бағаларын өздерінің жеке кабинеттерінде көре алады.

Университет сайтында және әлеуметтік желілерде университетті жалпы және білім беру бағдарламалары тұрғысынан сипаттайтын сенімді және қажетті ақпарат жарияланады. Бағдарламалар бойынша оқытуды жүзеге асыратын білікті профессорлық – оқытушылық құрам және білім алушылардың саны туралы ақпарат орналастырылады. ЖОО-ның заманауи инфрақұрылымы, білім беру бағдарламаларын үйлестіру білім алушылар контингентінің серпінді өсуіне ықпал етеді. Университет білім беру қызметтерінің сапасын арттыру бойынша үнемі жұмыс жасайды, профессор - оқытушылар құрамының жоғары әлеуетін қамтамасыз етеді. Оқу үдерісін басқаруды, есептердің әртүрлі нысандарын қалыптастыруды, құжат айналымының жоғары жылдамдығын қамтамасыз ететін ИС ВУЗ ақпараттық жүйесі табысты жұмыс істейді. Оқу процесінде оқытудың интерактивті әдістерін, компьютерлік оқыту бағдарламаларын, мультимедиа технологиясын, бейнедәрістерді, бейнезертханалық жұмыстарды және т. б. қолдана отырып, оқытудың заманауи технологиялары қолданылады.

8. Қоғамды ақпараттандыру.

Кафедраның кәсіби бағдар беру жұмысы.

2021-2022 оқу жылында "АТ және Э" жоғары мектебінің "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" кафедрасы қала және облыс мектептерінің түлектерін кәсіби бағдар мақсатында келесі іс-шараларды ұйымдастырып, өткізді:

1. Кафедраның кәсіби бағдар беру жұмысының 2021-2022 оқу жылына арналған жоспары әзірленді.

2. Университеттің кәсіби бағдар беру бөлімінің кестесіне сәйкес Ордабасы ауданы, Бәйдібек ауданы және Шымкент, Түркістан қалалары мектеп-лицейінің, жалпы білім беретін мектептерінің түлектерімен үздіксіз байланыс орнатылды.


3. Онлайн және оффлайн режимінде мектеп оқушыларымен және ата-аналарымен кездесулер өткізілді. Болашақ мамандықты таңдау бойынша мектеп түлектеріне тестілік сауалнамалар жүргізілді.

Университет және жоғары мектеп ауқымында түлектер үшін "Ашық есік күні" өткізілді.

4. Мектеп түлектері біздің университетте және факультеттерде, жоғары мектептерде дайындалатын мамандардың негізгі бағыттары туралы хабардар болды. Ақпараттық слайдтар, бейне материалдар, анықтамалық материалдар ұсынылды. Мектеп түлектерімен кәсіптік бағдар беру бойынша "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" кафедрасының меңгерушісі Джусупбекова Г.Т. және кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы онлайн және оффлайн режимінде қатысты. Университет және ЖМ мамандықтары, оның негізгі ғылыми бағыттары, жетістіктері, студенттік өмірі, профессорлық – оқытушылар құрамы туралы мәліметтер берді.

Кәсіби бағдар беру бойынша жұмыстар барлық колледждерде, қала және облыс мектептерінде кең ауқымда жалғасуда.

Кафедра меңгерушісі



Джусупбекова Г.Т.